

Құрман орта мектебінің әлеуметтік педагогы Э. С.Калдыгулованың 2022-2023 оқу жылының жарты жылдығы бойынша жасаған жұмыстарының

### Талдауы

Әлеуметтік педагог: Калдыгулова Эльмира Сагынқызы

Білімі : Жоғары

Мамандығы: Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі

Санаты: педагог-сарапшы

Жалпы педагогикалық өтілі:19 жыл 9 ай

Әлеуметтік педагог бойынша өтілі: 12 жыл 9 ай

#### Мектептің проблемасы:

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетінің белсенділігін арттыру.

#### Әлеуметтік –педагогикалық қызметтің мақсаты:

Оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, рухани жан дүниесін танып білу. Қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру. Адам өзін қоғамда тұлға ретінде сезіну процесін қалыптастыру. Нақты көмек түрлері кезекті және кезектен тыс акциялар ұйымдастыру.

#### Әлеуметтік –педагогикалық қызметтің міндеттері:

Оқушылардың микро ортасын, өмір сүру жағдайларын зерттейді.

Қиындығы мен проблемаларына, тәрбиедегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді.

Жетім, патронаттық тәрбиедегі және қамқорлықтағы баланың мүлтік және мүлтік емес құқы бойынша жұмыс жүргізеді. Және мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бақылайды.

Психолог, мұғалімдер, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен бірлесіп жұмыс жасайды.

Білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын құрастыруға, бекітуге оны жүзеге асыруға қатысады және өзінің құзыреттілігі бойынша олардың орындалуына жауап береді.

#### Әлеуметтік педагогтың проблемасы

Оқушылардың қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу рәтижесімен түзету жұмыстарын жүргізу.

Оқушының әлеуметтік жағдайын зерттеп және оған әлеуметтік- педагогикалық нақты көмек формаларын ұсыну, мәдени ортаны ізгілендіру, тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына ықпал ету.

2022-2023 оқу жылы бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Мен әлеуметтік педагог ретіндегі жылдық жоспарымды № 472 бұйрық негізінде төмендегідей негізгі 6 бағытқа бөліп жасалды.

1. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу.
2. Бала құқығын қорғау жұмысы
3. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс
4. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы.
5. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс
6. Диагностикалау-талдау қызметі

Осындай бағытта құрылған жоспардан айлық, апталық жоспарларды жасап, жұмыстар атқардым.

### **Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу жұмысы бойынша**

Мектеп бойынша оқушылардың тізімі жинақталып, оқушының әлеуметтік жағдай, ата-анасы туралы мәліметтер анықталды. Көп балалы, аз қамтылған, жетім және жартылай жетім, қамқорлықтағы(болған жағдайда) , мүмкіндігі шектеулі (мүгедек) және патронаттық тәрбиедегі(болған жағдайда) оқушылардың тізімі жасақталып, осы тізім бойынша оларға материалдық көмектер берілді. Тізім негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды.

Құрман орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік паспорты жасалды.

№	Мәліметтер	Саны
1	<b>Жалпы оқушылар</b> Ұл балалар Қыз балалар <b>Ұлттық құрамы:</b> Қазақ Орыс Өзге ұлт өкілдері Бастауыш ынып оқушылар( Орта буын оқушылар Жоғары сынып оқушылар	182 90 92 Қазақтар 100% - - 63 90 29
2	<b>Әлеуметтік жағдайы</b> <b>Барлық отбасы:</b> <b>Толық отбасы:</b> Ондағы бала саны:	96 85 160
3	<b>Толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған бала</b> Оның ішінде: Әкесі қайтыс болған: Әке анықталмаған(танылмаған) Анасы қайтыс болған: Ата-анасы ажырасқан: Ата-әжесімен тұратын:	11 отб\22 бала 5отб\12бала 2 отб\2 бала 2отб\ 5 бала 2 отб\3 бала 4отб\6 бала
4	<b>Аз қамтылған отбасы</b> Онда тәрбиеленіп отқан бала	5 11

5	<b>Көп балалы отбасы</b> Онда тәрбиеленіп отқан бала	41 106
6	<b>Сәтсіз отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны</b> Оның ішінде: Өгей әкемен тұратын бала саны: Өгей анамен тұратын бала саны:	- - - -
7	<b>Мұғалім тарапынан көмек қажет ететін оқушылар тізімі</b> <b>Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны</b> Оның ішінде: Патронаттық тәрбиеде Қамқоршылық тәрбиеде <b>Мүмкіндігі шектеулі</b> Оның ішінде: Мүгедек бала Үйден оқитын бала <b>Есепте тұрған оқушылар саны:</b> Оның ішінде: Мектепшілік есепте Аудандық полиция бөлімінде Дене шынықтыру пәнінен денсаулығына байланысты босатылған оқушылар саны:	- - - - - 5 - 3 2 - - - - - 1
8	<b>Арнайы түзету мекемесінде болған ата ана саны</b> <b>Арнайы түзету мекемесінде болған туыстар саны</b>	- -
9	<b>Дін жолында жүрген отбасы</b> Ондағы балалар саны:	- -
10	<b>Ата-ана құрамы:</b> Мүгедек ата- аналар саны Зейнеткер ата- аналар саны Жоғары білімді ата- аналар саны Кәсіби орта білімі бар ата- аналар саны Кәсіпкер ата- аналар саны Кіші кәсіпкер ата- аналар саны	әке-4, ана-жок Әке-1, ана-жоқ Әке-10\ ана-21 Әке-16\ ана-22 Әке-9, ана-0 әке-3\ана-2
11	<b>Отбасы жағдайы:</b> Жеке үйде тұратын отбасылар саны оның ішінде бала саны Көп қабатты үйде тұратын отбасылар саны Оның ішінде бала саны Жалдамалы үйде тұратын отбасылар саны Оның ішінде бала саны Жатақханада тұратын отбасылар саны Оның ішінде бала саны	96 182 - - - - -
12	<b>Оқушылардың мектептен тыс үйірмелерге қатысымы</b> Оның ішінде: Спорт мектебіне Саз мектебіне Оқушылар үйіне	36 - -
13	<b>Ыстық тамақпен қамтылуы:</b> Оның ішінде: 1-4 сынып оқушылары 5-9 сынып оқушылары 10-11 сынып оқушылары	38 бала 16 18 4

1.Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу жұмысы бойынша барлық кластардың мәліметтері жинақталып нәтижесінде сынып жетекшілері сыныптардың әлеуметтік паспорттарын жасақтаса, әлеуметтік педагог мектептің әлеуметтік паспортын жасады.

Әр түрлі статустарға жататын оқушылардың тізімі жасалып, бекітіліп деректер қоры жинақталды.

Оқу жылы дәстүр бойынша «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырылуымен баталды. Құрман орта мектебінде жалпы Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында 157 000 теңгенің заттай және ақшалай көмек демеушіліктен түсіп, төмендегідей 8 балаға берілді расталып қол қойылды.

№	Оқушының аты-жөні	к л	Қажетті киім атауы	Заттың бағасы	Демеушінің аты-жөні
1	Асқарұлы Ислам	9	Спорттық киім 42 размер крассовка	16 000	Ақтөбээнергосистема Ойыл бөлімшесінің басшысы Қартбаев Серік
2	Алқабекқызы Гүлнұр	9	Мектеп формасы 46	15 000	«Ойыл аудандық ішкі саясат. мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мекемесі
3	Ұзақов Арманбек	9	Мектеп формасы 48	40 000	Ойыл ауданы әкімі аппараты
4	Әлмұханов Әлібек	4	Көйлек, шалбар сумка	10 000	«Бимырза» ШҚ төрайымы Б Шындаулетова
5	Мамаева Самал	9	Мектеп формасы 40	15 000	«Ойыл аудандық ішкі саясат. мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мекемесі
6	Сағынғалиев Ақтан	6	Мектеп формасы 36	25 000	«Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ
7	Бақтыгерейқызы Асылзат	7	Мектеп формасы 38	18 000	«Мәтжан» ШҚ төрағасы Жұмағалиев Самғат
8	Елеусізова Еркеназ	1	Мектеп формасы 32	18 000	«Айгөлек» балабақшасы ұжымы

23 оқушы Үкімет тарапынан төленген бір реттік қаржылай көмекті алды.

Олардың құжаттары жинақталып, өтініштері қанағаттандырылды. Қаржыны мақсатты жұмсағандары жөнінде дәлелдеме құжаттарын әкелді. Барлық құжаттарды білім бөліміне тапсырдым.

Жыл басында бес категория бойынша 38 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 11 оқушы I категория бойынша, 13 оқушы II категория бойынша, 14 оқушы IV категория бойынша тамақтанды. Қажетті құжаттар жиналып, өтініш қабылданды. Мектеп директорының №42 бұйрығымен ытық тамақты ұйымдастыру комиссиялары құрылып. Жыл бойы жұмыс атқарды. Ай сайын бракераждық комиссия, тоқсан сайын мониторингтік комиссия тамақтың сапасына, берілу жағдайына, асхананың санитарлық талапқа сай жұмыс жасау нормаларын қадағалап, акт жасап отырды. Өрескел заң бұзушылықтар болған жоқ. Заңдылыққа сай жұмыстар жүрді. Қазан айында ыстық тамақты қадағалауға олблыстық білім басқармасынан тексеріс келді. Қадағалау жүргізіп, құжаттарды тексерді. Нәтижесінде нормаға сай, жақсы жұмыс бар деген пікір айтты.

Біздің мектепте бес мүмкіндігі шектеулі оқушы бар. Үш оқушы мүгедектік жәрдемақы алады және осы үш оқушының екеуі үйден оқиды. Екі оқушы ерекше білім беру бағдарламасымен 5-сыныпты аяқтады. Барлығыда ыстық тамақпен, кітаппен қамтылған. Денсаулығы жететін екі оқушы жазғы лагерьге барды. Ал үш оқушы ерекше күтімді қажет етулеріне байланысты лагерьге бара алмайды. Бірақ оңалту орталықтарына барып мерзімді емдерін алады. Аудан әкімі шыршасына әдеттегідей мүмкіндігі шектеулі 4 оқушы Амангелді Ақжол, Мамай Жанар, Құттымұратова Ханшайым, Кенжегалиева Айсауле атты 13 жасқа дейінгі балаларды аудан өздері ұсынды. Қамқоршылық кеңестің ұйғарымымен төмендегідей 5 оқушының әлеуметтік жағдайларын ескере отырып ұсынылды. Аз қамтылған отбасының балалары түгелге дерлік соңғы 5 жылда қамтылған. Мониторинг жасай отырып, көмек қажет етеді деген балаларды қамтыды.

Олар көп балалы отбасыдан шыққан Сәндібекова Шахризада Ерболқызы, Асқарқызы Мүсіліма, Аманкелді Ислам Нұрболұлы, Сағынғалиев Ақтан Абзалұлы және толық емес отбасыда тәрбиеленіп жатқан, озат, дарынды оқушы Өтеміс Нұрзат Нұрболқызы. Барлығы 9 оқушы мерекелік сыйлық алды.

Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жасалатын бірлескен жұмыс жоспар жасалды. Әр маман жоспар бойынша жұмыстар жасады. Әр түрлі іс шараларға қатыстырылды. Нәтижесінде Республикалық «Жұлдызай» шығармашылық фестиваль байқауының облыстық кезеңінен Құттымұратова Ханшайым би номинациясы бойынша жүлделі ІІ орын алды. Жетекшісі: әлеуметтік педагог Э.Калдыгулова. Мамаева Жанар «Жарқын болашақ» атты республикалық шығармашылық байқауда Мамай Жанар І дәрежелі дипломмен марапатталса, «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени білім беру жобасы аясында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар арасында өткізілген «Шексіз шығармашылық» республикалық байқаудың «Шексіз әлем балалар көзімен» номинациясы бойынша Аманкелді Ақжол І дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі педагог-ассисент Қ. Зейноллаева. Отарова Айсауле Республикалық «Жұлдызай» шығармашылық фестиваль байқауының облыстық кезеңінен ән айту жанры бойынша І орын алып, республикаға қатысуға жолдама алды. Жетекшісі : музыка пәні мұғалімі Б.Аманбаева . Барлық оқушылар үйірмеге тартылған. Әлеуметтік паспорт мектептегі оқушылар қозғалысына орай тоқсан сайын жаңартылып отырады.

**Бала құқығын қорғау жұмысы, Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс және Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы бойынша**

Жыл басында оқушылардың әлеуметтік статустары анықталған соң отбасыларына акт жасалып, әлеуметтік талдаулар жасалды. Әлеуметтік талдау мен қадағалау нәтижесінде көмек қажет ететін оқушыларға материалдық көмектер ұйымдастырылды.

Анасының қайтыс болуы себепті толық емес отбасына жататын 11-класс оқушысы  
06.06.2006 жылы туған Мамаев Сағадат Самғатұлы

9-класс оқушысы 18.04.2008 жылы туған Мамаева Самал Самғатқызы

5- класс оқушысы 01.06.2011 жылы туған Мамай Жанар Самғатқызы аталмыш оқушылар әкесі 20.02.1976 жылы туған Сансызбаев Самғат Мамайұлы 16. 01.2023 жылы қайтыс

болуына байланысты, балалар тағдырдың қиын жағдайына ұшырап, ата-ана қамқорлығыңыз қаллы. Сол себепті оқушылардың алдағы уақыттағы өмір жауапкершілігі заңды түрде шешілу қажеттілігі туындап, білім бөліміне хабарлама берілді. Нәтижесінде аудандық білім бөлімі жанындағы кәмелетке толмағандарға қатысты қамқоршылық және қорғаншылық кеңесінің шешімімен білім бөлімі басшысының 24.04.2023 ж №151 бұйрығымен Сансызбаева Гүлбаршын Ораковна қамқоршы боп тағайындалды. Қазіргі таңда балалар сол кісінің қамқорлығымен жайлы өмір сүруде. Үнемі мектептің қадағалауында. Отбаының тұрмыс материалдық жағдайы қадағалауда. Мамаев Сағадат 11 сыныпты аяқтады. Тәуелсіз демеушілерге ұсыныс тастадық нәтижесінде Сағадатқа мектеп бітіру кешіне киетін киімдерден демеушілік жасалды және бұл оқушылардың үйіне автомат кір мәшине әперілді. Мектеп түлектерінің демеушілігімен азық түліктенде көмектер берілді. Сағадат Ойыл аграрлық колледжіне оқуға түсті. Жанар мен Самал жазғы каникулды тиімді ұйымдастыру жұмыстары негізінде облыстық «Күншуақ» және қала сыртындағы лагерь бойынша «Барқын» лагеріне барып демалып қайтты. Жанар театр үйірмесінің мүшесі болса, Самал «Жас физик» және домбыра үйірмесінің мүшесі. Үйірмелерге жауапкершілікпен тұрақты қатысады.

Оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын арттырып, құқықбұзушылық факторларының алдын алу мақсатында бірлескен жұмыстар жүргізілді. Ауылдық полиция инспекторымен біріге отырып бірнеше рет рейдтерге шығып, үйлерге қадағалау жүргіздік. Кей ата аналарға ескертулер бердік. Акт жасадық.

5-6-7-8 класс оқушыларына «Менің құқығым – менің міндетім» құқықтық кеңес сабақ өткіздім. Мақсаты: Оқушыларға өз құқықтарын қорғай білу, қандай заңдар мен нормативтік құжаттар бар екендігі айтылып. Өз міндеттері мен құқықтарын білу басты шарт екені хабарланды. Оқушылар қажетті сұрақтарын қойып, еркін пікір алмасуға жалғасты. Сонымен қатар «Заң білу заман талабы» дөңгелек үстел жоғары класс оқушыларына өткізілді. Құқық бұзушылықты болдырмау, келеңсіз жағдаяттардың алдын алу мақсатында заңды білу қажеттілігінің маңызы зор екені айтылды. Тәртіпке бағынудың, заңды құрметтеудің міндет екені баса айтылды. Оқушылар да өз ойларын ортаға салып, зиянды әдеттерден қорғанудың жолдары туралы түсініктерін кеңейтті. Бұл менің әлеуметтік педагог ретінде өз тарапымнан өткізген жұмыстарым болса, мектеп психологы, ДТЖО мен, ауылдық полициямен бірлескен жұмыстарда өтті. Дегенмен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша қаншама жұмыстар жасалғанмен бір қарын майды бір құмалақ шірітеді деп дана халқымыз айтқандай осыншама жұмыстарды нәтижесіз қылып, қаңтар айында екі оқушы аудандық ішкі істер бөлімінің есебіне алынды. Сонымен бірге екі оқушының отбасыда қолайсыз отбасы ретінде есепке қойылды. Жоспар жасалып, жеке жұмыстар жүргізілді. Тексерістер болды. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде бұл екі оқушының тәртібі қазіргі жағдайда жақсы. Қатаң бақылауда.

Класс жетекшілер мен педагогтармен біріге отырып әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушылармен пікірлесу, сөйлесу, қолдау көрсету жұмыстары жүйелі жүрді. Нәтижесінде себепсіз сабақтан қалатын немесе әлеуметтік жағдайға байланысты сабаққа келе алмайтын оқушылар болған жоқ. Класс жетекшілерінде әлеуметтік мәселелерге байланысты болатын құжаттар, олардың үлгілері туралы мәліметтерді дер кезінде беріп отырдым.

Қараша айында мектеп педагогтарына арнап «Педагогтың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері» баяндама жасап, педагогтарға арналған кеңес беру өткіздім.

### **Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс бойынша**

Мектеп оқушылары ата-аналарының әлеуметтік құрамын анықтау жұмысынан бастау алатын бұл жұмыс қажет жағдайда ата-аналарға кеңес берумен жалғасады. Ата-ананың бала тәрбиесіне қатысты құқығы мен міндеті.» ата аналарға арналған баяндама, кеңес беру жұмысын өткіздім. Мақсаты отбасындағы жауапкершілікті арттыру, ата ананың бірлігі, олардың атқаратын міндеттері мен құқықтарын айқындап айту. Іс жүзінде жүзеге асыру, өмірлік сабақтардан видеороликтермен таныстыру, заңдылықтарды хабарлау, айналып келгенде жақсы бала тәрбиелеуде бірлесіп жұмыс жасауға шақыру. Олардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру. Үштік одақтың бірлігін нығайту. Бала тәрбиесіне қатысты ата-аналардан сауалнама да алынды. Нәтижеі шығарылып, хаттамасы жасалды. Сондай қиындық туғызатын отбасылар жоқ деп айтуға болады. Жеклеген ата аналарға кеңестер беріліп тұрады.. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын байқау мақсатында көп балалы, аз қамтылған т.б арнайы статустарға жататын отбасылардың үйлерін аралау, ата аналарымен сөйлесу, зерттеу актысын жасау жұмысы жүрді.

«Әке жолы-ізгілік жолы» тақырыбында әкелермен семинар практикум өткіздім. Мақсаты : Әкелердің қоғамдағы рөлін көтеру, отбасындағы әке тәрбиесінің маңыздылығын айқындау. Әртүрлі бөлімдер бойынша өткен жұмыс өте жоғары деңгейде өтті. Қоғамда өзіндік орны бар әкелердің өнегелі өмір жолдары, тәрбиедегі әдіс тәсілдері айтылып кең көлемде пікірлесу болды. Жоғары сыныптың ұл балалары қатысып, өздерін толғандыратын сұрақтарды әкелерге қойды. Әке туралы әдемі ән шырқалып, ой толғанды. Әкелер өздерінің ақыл кеңестерін айтып, балаларға өнеге көрсеткен керемет кештің куәсі болдық. Барша әріптестер оң пікірлерін айтып риза болысты.

### **Диагностикалау-талдау қызметі бойынша**

Жылына екі рет 5-6-7-8-9-10-11 класс оқушыларынан әлеуметтік сауалнама, тесттер алынды, бастауыш сынып оқушыларынан әлеуметтік тест немесе сауалнама алынды нәтижесі шығарылып, хаттамасы жазылды.

Бірінші жарты жылдық бойынша оқушылардан әртүрлі әлеуметтік сауалнамалар мен тесттер алынды. Тоқтала кететін болсам мысалы: 1-кластан «Менің отбасым» сурет тесті және 2-3-4 кластардан «Менің отбасым» шағын шығарма жазу жұмысы алынды. Бұл жұмыстардың мақсаты баланың отбасындағы жағдайын және отбасындағы қарым-қатынасты зерттеу болатын. Нәтижесінде: Салынған суреттер мен жазылған ойларға қарай отырып психикасы бұзылған, ерекше назарды талап ететін оқушы жоқ жоқ деген қорытынды жасадым. Бір қуантарлығы бізде балалардың отбасына деген құрметі шексіз. Дегенмен кейбір оқушыларға байланысты ата-ана мен мұғалімге кеңес берілді. Ал 5-6-7-8 класс оқушыларынан «Әлеуметтік диагностика» алынды. Мақсаты оқушылардың тұлға ретінде дамуы мен қалыптасуына әсер ететін басты сенімін анықтау болатын, нәтижесінде тұлға ретінде оқушылардың қалыптасуы жақсы деңгейде, ең бастысы түсінігі мен пайымдаулары жоғары. . Бәрі арманшыл мақсат қоя біледі. Болашаққа үмітпен қарайды. 10-11 класс оқушыларынан «Көкейдегі 10+1 сұрақ» атты әлеуметтік сауалнама алынды. Мақсаты: Оқушылардың болашақ туралы, мектеп өміріне деген көз қарасын жалпы адами ойларын байқау, пікірлерін білу. Нәтижесінде оқушылардың мектепке деген пікірлері оң. Әрбір балада түсінік бар. Кейбір сұрақтарға байланысты пікіралмастық. Сондай ақ оқушылармен өзгеде тақырыптарда жоспарлы және жоспардан тыс келген қатынастар негізінде іс-шаралар өтті. Мысалы: 6-7-8 класс қыз балаларына *Қыз тәрбиесі*

**ұлт тәрбиесі» атты шара өткіздік** **Мақсаты:** Қыздармен әңгімелесе отырып, ар-намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту. Есірткі, ішімдік және темекінің ағзаға тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптары, адам ағзасына теріс әсері туралы түсіндіру. Бәрінің жеке бас тазалығын сақтау, күнделікті тәртіп, дұрыс сөйлеу мәдениеті, үй тірлігін атқару, әлеуметтік желіні орынды пайдалану сияқты қарапайым талаптарды сақтаудан басталатынын ұғындыру.

Мектептегі ыстық тамақпен қамтылып отырған балалардан да сауалнама жұмыстары алынады. Мақсаты олардың мектеп асханасына ондағы беріліп жатқан тағамдарға көз қарастарын білу. Бұл диагностика жұмыстарының мақсаты бір баланың ойындағыдай ортаны қалыптастырып, балаға жағдай жасау. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу.

2022-2023 оқу жылы бойынша **Әлеуметтік педагог ретінде** кәсіби білімді шыңдау, іс – тәжірибемді тарату мақсатында біршама жұмыстар жасалды. Былтырғы жыл соңында Ақтөбе ғылыми-тәжірибелік орталығы әдіскерлері біздің жұмысымызға зерделеу жүргізді. Нәтижесінде әлеуметтік педагогикалық қызметті ұйымдатыру жұмысына оң баға беріп, тәжірибемді таратуға ұсыныс білдірген болатын соның нәтижесімен Ойыл аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына Құрман орта мектебінің әлеуметтік педагогы Э.С.Калдыгулованың іс тәжірибесін тарату қойылған болатын, осыған орай сәуір айында **«Әлеуметтік педагогикалық қызметті жүргізу технологиясының практикасы» тақырыбында** аудандық семинар өткіздім. Бұл семинарда мен екі жұмыс көрсеттім біріншісі «Әке жолы -ізгілік жолы» әкелермен жұмыс болса, екіншісі семинардың тақырыбына сай әріптестеріме «Әлеуметтік педагогикалық қызметті жүргізу технологиясының практикасы» тақырыбында практикалық жұмыс көрсеттім. Әлеуметтік педагогикалық қызметтің жай жапсарын, жұмысты ұйымдастырудан бастап, әр папка бойынша жасалатын жұмыстарды көрсеттім. Әріптестеріме заман талабына сай жаңа компьютерлік бағдарламалармен ойын түрінде жұмысты барынша нақты көрсетуге тырыстым. Әріптестерім оң пікірлерін айтып, риза болысты. Көптеген мәліметтер алғанын айтып жатты. Білім бөлімі басшысының алғыс хатымен марапаттады. Бұл оқу жылы мен үшін сынға толы, тексеріске толы, әрі табысты жыл болды. Жыл басында «Аманат» партиясының алғыс хатын, желтоқсанда облыстық білім басқармасының алғыс хатын, наурызда аудан әкімінің алғыс хатын, сәуірде аудандық білім бөлімінің алғыс хатын алдым. Және республикалық «Жұлдызай» фестивальнің облыстық кезеңінен оқушым ІІ жүлделі орын алды. Осы оқу жылының соңында Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы әдіскерлері мектепте болған келеңсіз жағдайға байланысты жүргізілген жұмыстарды бақылау мақсатында келді. Жасалған жұмыстарға оң бағасын берді. Әрине мұның бәрі еңбек, ал алған марапаттар педагогты шабыттандыратын қажетті дүниелер. Бұдан әрі қарай жаңашылдықпен, жауапкершілікпен жұмыс жасай бермекпін.